



**Микрофон
ZET GAMING
KORADJI PRO**

Сеніміңіз үшін рахмет!

Біздің командамыз Сіздің компьютер ойындарына деген құштарлығыңызбен толығымен бөліседі, сондықтан Сіздің ойын тәжірибеңіз геймерлерге арналған аксессуарларымызбен неғұрлым ұмытылмас бола түсуі үшін бар күшімізді саламыз. Жаңа жеңістер мен ең жарқын әсерлер тілейміз!

Құрылғымен танысу

Koradji PRO микрофоны — бұл дыбысты жоғары сапада жазатын кәсіби студиялық микрофон. Құрылғы кәсіби геймерлерге, журналисттерге және әуесқой орындаушыларға конференциялар өткізу, оқиғаларды жазу және т.б. үшін өте қолайлы.

Koradji PRO микрофоны кедергіге айтарлықтай төзімді үш бір бағытты капсуланы біріктіреді, сондай-ақ сезімталдықтың жоғары деңгейіне және дыбысты жоғалтпай жазу технологиясына ие. Дыбысты күшейтудің бапталатын деңгейі және бағытталушылық режимін ауыстырып-қосу мүмкіндігі құрылғыны пайдаланудың кең спектрін қамтамасыз етеді. Микрофон бөгде шулардың әсерін және қабылданатын дыбыстық сигналдың бұрмалануын азайтуға арналған кіріктірілген поп-сүзгімен және дірілге қарсы конструкциямен жабдықталған. Кірістірілген дыбыстық карта ДК-нің көптеген операциялық жүйелерімен, мобильді құрылғылармен және ойын консольдерімен үйлеседі, сондай-ақ қосымша драйверлерді орнатуды қажет етпейді. Mini-jack 3.5 мм кіріс порты нөлдік кідіріспен жазуды басқаруды қолдайды, OLED дисплейі қоршаған ортаның ерекшеліктеріне оңай бейімделу үшін ағымдағы жұмыс режимін, күшейту деңгейін және дыбыс қаттылығы деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Koradji PRO микрофоны стильді дизайнға, 24 RGB жарықтандыру режиміне және озық жазу технологияларына ие, бұл оған нарықта ерекше болуға мүмкіндік береді.

Құрылғы схемасы






1. OLED-дисплей.
2. Микрофонның жұмыс режимін таңдау реттегіші (әртүрлі режимдер арасында ауыстырып-қосу үшін бұраңыз). Микрофонның дыбысын өшіру үшін басыңыз.
3. Дыбысты қаттылығын реттегіш (OLED дисплейінде дыбыс қаттылығының деңгейі көрсетіледі).
4. Дыбыстың күшейтілуін реттегіш (сезімталдық).
5. Дыбысты жақсырақ алуға арналған тік фракциялары бар металл қаптама; кіріктірілген поп-сүзгі және дірілге қарсы конструкция.
6. Микрофон жайғасымын бекіткіш: сигналды қабылдауға ең жақсы жайғасымды іздеу үшін микрофонды 360° бұрыңыз, содан кейін микрофонды тиісті бұрандалардың көмегімен бекітіңіз.
7. Type-C USB порты.
8. 5/8» және 1/4» диаметрлі бекіткіш бұрандасы бар штативтерге арналған стандартты ағытпа.
9. Жарықтандыру режимдерін ауыстырып-қосу түймесі.
10. Нөлдік кешіктірілген жазуды басқаруды қолдайтын 3.5 мм аудио кіріс (mini-jack).
11. 3/8 - 5/8 кронштейндерге арналған жалғастырғыш тетік

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны -10 °C-ден +40 °C-ге дейінгі қалыпты температурада сақтаңыз және пайдаланыңыз.
2. Құрылғыны ылғалдылығы жоғары үй-жайларда сақтамаңыз.
3. Құрылғыны су көздері мен қыздыру элементтеріне тікелей жақындықта орнатпаңыз.
4. Микрофон – өте сезімтал аспап. Оны құлаудан, соққылардан және басқа зақымдардан қорғаңыз.
5. Берілген құрылғыны сыртқы аудио жүйелер мен колонкаларға қосу ұсынылмайды, себебі бұл дыбысты жазу сапасына әсер етуі және құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.
6. Аудио кіріс тек 3 pin коннекторын қосуға арналған, 4 pin коннекторы бұл құрылғымен үйлесімді емес.
7. Тек түпнұсқа аксессуарларды пайдаланыңыз.

OLED дисплей индикаторларының мәні

Мәні	Кардиоид режимі	Сtereo режимі	Екі бағытты режим	Бүкілбағытты режим	Микрофонды сөнд.	Дыбыс қаттылығының деңгейі	Күшейту деңгейі
Индикатор							

Жарықтандыруды басқару

Жарықтандыруды басқару микрофон негізіндегі тиісті түйменің көмегімен жүзеге асырылады:

- Басыңыз және ұстап тұрыңыз — жарықтандыру режимдерін ауыстырып-қосыңыз.
- Бір рет басу — жарықтандыру динамикасын/түсін ауыстырып-қосу.

Жарықтандыру режимдері	Жарықтандырудың динамикасын/түсін ауыстырып-қосу	Сипаттамасы
Динамикалық жарықтандыру	Көп түсті (әдепкі бойынша)	Барлық түстер баяу бір-бірін алмастырады

	Көп түсті ауа өткізетін	Жарықтандыру кезекпен қолжетімді түстерді ауыстырып, баяу жыпылықтайды
	Көп түсті жыпылықтайтын	Жарықтандыру кезекпен қолжетімді түстерді ауыстырып, тез жыпылықтайды
	Жүгіртпе жарықтандыру (солға)	Шеңбер бойымен көп түсті жарықтандыру
	Жүгіртпе жарықтандыру (оңға)	Шеңбер бойымен көп түсті жарықтандыру
	Көп түсті динамикалық	Барлық түстер бейберекет тәртіппен ауыстырылып-қосылып, бір уақытта жанады
Тұрақты бір түсті жарықтандыру	Жарықтандырудың негізгі түсін ауыстырып-қосу	6 түс (сары, қызыл, көгілдір, жасыл, қызғылт, көк), таңдалған түс жыпылықтамай жанып тұрады
Жыпылықтайтын бір түсті жарықтандыру	Жарықтандырудың негізгі түсін ауыстырып-қосу	6 түс (сары, қызыл, көгілдір, жасыл, қызғылт, көк), таңдалған түс тез жыпылықтайды
Ауа өткізетін бір түсті жарықтандыру	Жарықтандырудың негізгі түсін ауыстырып-қосу	6 түс (сары, қызыл, көгілдір, жасыл, қызғылт, көк), таңдалған түс баяу жыпылықтайды
Сөнд.	–	Жарықтандыру сөндірілген

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғыны қуат көзіне қоспас бұрын дыбыс қаттылығын реттегішті және күшейту реттегішін минимумға орнатыңыз. Құрылғыны компьютеріңіздің USB-портына қосыңыз. Құрылғының жұмыс өнімділігінің төмендеуіне жол бермеу үшін микрофонды ДК-нің алдыңғы панеліндегі USB шоғырлатқыштары немесе USB порттары арқылы қосу ұсынылмайды. Құлаққапты микрофонның тиісті аудио кірісіне мықтап тығыңыз, содан кейін дыбыс қаттылығын қажетті деңгейге дейін баптаңыз.
2. Микрофонды тегіс және тұрақты бетке тік орнатыңыз.
3. Қажетті жұмыс режимін, сондай-ақ микрофонның сезімталдық деңгейін таңдаңыз.

Микрофонның жұмыс режимдері:

- Кардиоид режим: берілген режим микрофонның тікелей алдыңғы жағында орналасқан дыбыс көзін жазуға арналған. Микрофонның алдыңғы жағындағы күшейту деңгейі максималды, ал басқа бағыттарда — шектеулі.
- Stereo режимі: берілген режим музыкалық аспаптарды жазу үшін көбірек қолайлы болып табылады, екі жағындағы микрофонның күшейту деңгейі бірдей дерлік.
- Екі бағытты режим: берілген режим екі қарама-қарсы дыбыс көздерін (мысалы, сұхбатты) жазу үшін қолданылады, микрофонның алдыңғы және артқы жағындағы күшейту деңгейі бірдей дерлік.
- Бүкілбағытты режим: берілген режим бірнеше дыбыс көздерін жазуға арналған, микрофонның күшейту деңгейі барлық бағыттар бойынша тең, бұл ең үлкен қамту радиусын қамтамасыз етеді.
- «Микрофонды сөндіру» режимі: берілген режимде дыбысты жазу мүмкін емес.

Микрофонды басқару:

- Күшейту деңгейін басқару: дыбыс қаттылығының деңгейінен дыбыс көзіне дейінгі қашықтыққа байланысты күшейту деңгейін реттеңіз. Микрофонды дыбыс деңгейінен 20-30 см қашықтықта орнату, ал күшейту (сезімталдық) деңгейін 60%-ға орнату ұсынылады.
- Дыбыс қаттылығын реттеу: құлаққаптардың дыбыс қаттылығының деңгейін тиісті микрофон реттегіші көмегімен реттеңіз. Дыбыс қаттылығын 50%-дан аспайтын деңгейге қою ұсынылады. Аудионы жоғары дыбыс қаттылығында тыңдау Сіздің есту қабілетіңізге теріс әсер етуі мүмкін.
- Жазуды басқару: сонымен қатар бұл микрофон нақты уақыт режимінде нөлдік кідіріспен тыңдау функциясына ие. Бұл функция бағдарламалық деңгейде жұмыс істейді, жазбаны басқаруды белсендіру операциялық жүйенің дыбыс баптауларында жүзеге асырылады.
- Құрылғыңыздағы микрофон параметрлерін баптаңыз.

Windows жүйелері үшін:

- Басқару панеліндегі «Дыбыс» бөліміне өтіңіз.
- «Дыбыс» бөлімінде «Дыбыстық құрылғыларды басқару» қосымша бетін ашып, қосылған микрофонды таңдаңыз, осы құрылғыны «Жазба» қосымша бетінде әдепкі бойынша микрофон ретінде баптаңыз.
- «Қасиеттер» бөліміндегі сезімталдық деңгейі мен қосымша параметрлерді баптаңыз. Реттеуді тікелей құрылғының өзінде орындау үшін микрофон деңгейін 100%-ға баптау ұсынылады.
- Құлаққапты микрофонның тиісті порты арқылы бір уақытта қосқан кезде, жоғарыда берілген бөлімнен шықпай, «Ойнату» қосымша бетін ашып, аудионың ойнатылуын баптаңыз. «Қасиеттер» бөлімінде жазуды басқару функциясын іске қосу/ өшіру үшін микрофон белгішесін басыңыз. Динамиктердің деңгейін 100%-ға орнату ұсынылады, ал микрофон деңгейі 80% белгісінен аспауы тиіс.

Mac OS жүйелері үшін:

- «Звук» бөліміндегі баптауларда «Кіру» қосымша бетін таңдаңыз.
- Қосылған микрофонды таңдап, баптауларды аяқтаңыз.
- Құлаққаптарды микрофонның тиісті порты арқылы бір уақытта қосқан кезде, құлаққапқа шығуды баптаңыз; «Дыбыс» бөлімінде «Шығу» қосымша бетін ашып, тиісті қосылымды таңдау арқылы баптауды аяқтаңыз.
- 15 секунд ішінде пайдаланушы белсенділігі болмаған кезде OLED дисплейі күту режиміне өтеді.
- Сигналдың жақсы қабылдануына қол жеткізу үшін микрофонның әртүрлі жұмыс режимдері арасында ауысыңыз:

Жұмыс режимі	Қолданылу саласы			
Кардиоид	Көрсетілім	Подкасттар	Дыбыстау	Муз. аспаптар
Бүкілбағытты	Конференциялар	Іс-шаралар		
Екі бағытты	Сұхбат	Муз. аспаптар	Дуэт	
Стерео	Ән салу	Муз. аспаптар		

- Егер микрофонды Сіздің құрылғыңыз танымаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:
- «Құрылғылар диспетчеріне» кіріңіз, «Дыбыстық, бейне және ойын құрылғылары» бөлімінде осы құрылғыны таңдаңыз.
- «Қасиеттер» > «Драйвер» қосымша бетіне өтіп, «Драйверді жою» опциясын таңдаңыз.
- Микрофонды құрылғыңыздан ажыратып, 10 секунд күтіңіз, содан кейін қайта қосуды орындаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: Koradji Pro
- 4 Жұмыс режимі: кардиоид, стерео, екі бағытты, бүкілбағытты.
- Түрлендіргіш түрі: конденсаторлы.
- Капсюль параметрлері: 16 мм, 3 дана.

- Максималды дыбыс қысымы: 120 дБ.
- Атаулы кернеу: 5 В.
- Атаулы ток: 500 мА.
- Дискреттеу жиілігі: кіріс - 48 кГц, шығыс - 96 кГц
- Разрядтылық: кіріс - 16 бит, шығыс - 24 бит.
- Қабылданатын жиіліктер диапазоны: 20 Гц — 20 кГц.
- Сезімталдық: 4.5 мВ/Па (1 кГц).
- Кедергі: >16 Ом.
- Шығыс қуаты: 130 МВт.
- Сигнал/шу қатынасы: 100 дБ.
- Гармониялық бұрмаланулар коэффициенті: 0.009 %.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5°C және 40°C аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталғанда авторизацияланған сервистік орталыққа дереу жүгіну немесе аспапты кәдеге жарату қажет.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://zet-gaming.com/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Сунь Юн Электроникс Ко., Лтд.
Даюй тас жолы 158, Дунчун, Наньша ауданы, Гуанчжоу қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис
301С, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй,
301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы көрінісі, оның сипаттамалары мен
жиынтықтылығы алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы
мүмкін.